

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**

**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«XXI ғасыр дағдылары: креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация,
коллаборация»
педагогтердің біліктілігін арттыру курсы
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Академиялық сағаттардың саны: 80

Қордай 2025

1.Жалпы ережелер

«XXI ғасыр дағдылары: креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация, коллаборация» педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарына, сондай-ақ Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелеріне сәйкес әзірленді.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, технологиялық және мәдени өзгерістер педагогтің кәсіби рөлін қайта қарауды және XXI ғасыр дағдыларын білім беру жүйесінің негізгі компетенциялары ретінде қарастыруды талап етеді. Қазіргі мектеп оқушысы ақпаратты тек меңгеріп қана қоймай, оны талдап, бағалап, шығармашылық идеялар ұсына алуы, топпен бірлесіп жұмыс істей білуі, тиімді коммуникация орната алуы тиіс. Сондықтан педагогтің кәсіби міндеті – креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларына негізделген оқыту ортасын құру.

Бұл дағдыларды дамыту – оқушының болашақта табысты тұлға болып қалыптасуы үшін маңызды фактор. Педагог XXI ғасырдың өзгермелі еңбек нарығына бейімделген, функционалдық және трансверсал дағдыларды қалыптастыра алатын кәсіби бағыттаушы болуы қажет.

Қоғамдағы цифрлық трансформация, жасанды интеллекттің дамуы, білім берудің жаңа форматтары (аралас, цифрлық, қашықтан) педагогтен ақпаратты беру емес, оқушыны ойланту, талдау, сұрақ қою, пікір айту, идея генерациялау және топпен жұмыс істеуге бағытталған оқыту моделін қолдануды міндеттейді.

Сондықтан педагогтердің XXI ғасыр дағдыларын дамытуға арналған кәсіби біліктілігін жетілдіру бүгінгі білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңдағы білім беру кеңістігі қарқынды өзгерістер мен жаңа талаптарға толы. Педагогтердің кәсіби дамуына арналған кез келген оқу бағдарламасы әлемдік және ұлттық трендтерді ескере отырып құрылуы тиіс. Ұсынылып отырған бағдарлама мазмұны төмендегі негізгі білім беру трендтеріне сүйеніп әзірленді.

Soft skills (жұмсақ дағдылар) дамытудың жаһандық өсуі. Жұмсақ дағдылар – қазіргі қоғамдағы ең сұранысқа ие кәсіби қасиеттердің бірі. Коммуникация, креативті ойлау, ынтымақтастық, эмоционалдық интеллект және проблемаларды шешу дағдылары мұғалімнің де, оқушының да табысты болуына тікелей әсер етеді. Әлемдік тәжірибе бойынша білім беру жүйесінде академиялық біліммен қатар тұлғалық, әлеуметтік дағдыларды дамыту басты басымдыққа айналды.

EdTech және цифрлық трансформация. Білім берудегі технологиялық серпін нәтижесінде жасанды интеллектке негізделген платформалар, цифрлық білім беру ресурстары, виртуалды лабораториялар, интерактивті контент және геймификация кеңінен қолданылуда. Бейімделген оқыту жүйелері оқушының жеке қарқынына сай тапсырма ұсынып, мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады. Цифрлық трансформация – педагогтің жаңа кәсіби стандарттарының негізгі бөлігі.

Әлемдік трендке сай мектептерде ғылыми-зерттеу әрекеті, жобалық жұмыс, инженерлік ойлау мен дизайн-ойлау әдістерін дамыту маңызды бағытқа айналды. STEAM тәсілі оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын, талдау мен эксперимент жүргізу дағдыларын қабілетін жетілдіреді. Бұл модель білімді өмірмен байланыстырып, функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған.

Оқытудағы коллаборация мәдениеті. Қазіргі педагогикалық үрдісте өзара әрекеттестік, серіктестікке негізделген орта қалыптастыру – басты талап. Командалық жұмыс, топтық зерттеу, бірлескен жобалар оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Педагогтер қауымдастығының кәсіби ынтымақтастығы мен тәжірибе алмасу механизмдері де жаңа трендтер қатарында.

Қауіпсіз және қолдаушы мектеп мәдениеті. Психологиялық қауіпсіздік, эмпатия, құрмет мәдениеті, қолдау көрсету – қазіргі мектептің басты құндылықтары. Инклюзивті көзқарас, буллингтің алдын алу, эмоционалдық қолайлы орта құру оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Мұғалім тек пән үйретуші емес, қолдаушы тұлға ретіндегі рөлін күшейтуде.

б) Медиа сауаттылық және цифрлық коммуникация тренді. Ақпарат ағымы шексіз өсіп жатқан заманда оқушылардың медиа сауаттылық деңгейін арттыру – өзекті міндет. Жалған ақпаратты тану, дереккөзді бағалау, аргументті пікір білдіру, кибергигиена, цифрлық этика – әрбір оқушы меңгеруі тиіс дағдылар. Мұғалімдердің де цифрлық контентпен жұмыс істеу және қауіпсіз коммуникация жүргізу қабілеті жетілдірілуі қажет.

Бағдарламаны әзірлеуге негіз болған факторлар

Бағдарламаны әзірлеу барысында ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы соңғы ғылыми зерттеулер, педагогтердің кәсіби қажеттіліктері, сабақ жүргізу тәжірибесіндегі заманауи мәселелер ескерілді. Бағдарлама мазмұны келесі факторларға сүйене отырып жасалды:

- мектептерде оқушылардың soft skills дағдыларын дамытуға деген сұраныстың артуы;
- педагогтердің критикалық ойлау, креативті әдістер, ынтымақтастықта оқыту және тиімді коммуникацияға негізделген тәсілдерді меңгеру қажеттілігі;
- оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастырудағы заманауи қиындықтар;
- топтық жұмысты дұрыс ұйымдастыру, пікірталас жүргізу, идея тудыру әдістерін қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі;

– білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалардың жетіспеуі;

– инновациялық педагогика, дизайн-ойлау, жобалық оқыту, проблемалық оқыту моделдерінің өзектілігі.

Педагогтер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде төмендегі кәсіби қажеттіліктер анықталды:

– 72% – сабақта критериалды ойлауды дамытуға арналған әдістерді меңгеру қажеттігін;

– 68% – креативті тапсырмалар мен жобалық жұмыс түрлерін құрастыруды үйрену қажеттігін;

– 61% – оқушылар арасында тиімді коммуникацияны қалыптастыру тәсілдерін меңгеру қажеттігін;

– 57% – топтық жұмысты ұйымдастыру және коллаборативті оқытуды басқару дағдыларын жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Бағдарламаның негізгі бағыттары

– ХХІ ғасыр дағдыларының теориялық және әдіснамалық негіздері;

– креативтілік дағдысын дамыту әдістері (креативті тапсырмалар, дизайн-ойлау, миға шабуыл, визуалды ойлау);

– критериалды ойлау дағдысын қалыптастыру (сыни сұрақтар, дәлелдеу, талдау, бағалау);

– коммуникация дағдылары (вербалды, жазбаша, цифрлық коммуникация, презентация мәдениеті);

– коллаборация және топтық жұмысты ұйымдастыру тәсілдері;

– дебат, пікірталас, фасилитация құралдарын қолдану;

– зерттеушілік және жобалық әрекет арқылы дағдыларды дамыту;

– цифрлық құралдар арқылы ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру;

– педагогтің шығармашылық және зерттеушілік рефлексиясы.

Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:

– ХХІ ғасыр дағдыларының мазмұнын және білім беру процесіндегі рөлін түсінеді;

– сабақта креативті ойлау әдістерін тиімді қолдана алады;

– оқушылардың критериалды ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар құрастырады;

– тиімді коммуникацияны дамытуға арналған сабақ формаларын ұйымдастырады;

– коллаборативті оқытудың құралдарын меңгереді және топтық жұмысты кәсіби деңгейде басқарады;

– оқушыларды зерттеушілік және жобалық әрекетке тарта алады;

– оқу ортасын ынтымақтастыққа, ашық пікірталасқа, шығармашылыққа бағыттайды;

– өзінің кәсіби дамуын рефлексиялап, үздіксіз оқу стратегияларын қолданады.

Бағдарлама төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;
- Орта білім мазмұнын жаңарту концепциясы;
- цифрлық трансформация тұжырымдамалары;
- OECD, UNESCO ұсынған «XXI century skills» халықаралық үлгілері;
- функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша ұлттық және халықаралық ұсынымдар.

«XXI ғасыр дағдылары: креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация, коллаборация» тақырыбындағы бұл оқу бағдарламасы педагогтердің кәсіби сұраныстарын ескере отырып әзірленген. Бағдарлама білім алушылардың маңызды трансверсал дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи әдістерді меңгеруге мүмкіндік береді. Педагогтердің креативті шешім қабылдау, топтық жұмысты ұйымдастыру, сын тұрғысынан ойлау мәдениетін қалыптастыру және тиімді коммуникация орнату дағдыларын жетілдіру – білім берудің қазіргі кезеңдегі басты міндеттерінің бірі.

2. Глоссарий

Медиасауаттылық	Ақпарат көздерін талдау, жалған контентті тану, медиамәтінді жауапкершілікпен пайдалану дағдылары
4K Моделі	Креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборациядан тұратын ХХІ ғасырдың негізгі құзыреттер моделі
Hard Skills (қатты дағдылар)	Нақты мамандық бойынша үйренілетін кәсіби дағдылар: пәндік білім, техникалық шеберлік, бағдарламалау, зерттеу жүргізу
Soft Skills (жұмсақ дағдылар)	Адамның жеке және кәсіби тиімділігін арттыратын әмбебап дағдылар: қарым-қатынас, эмоцияны басқару, командамен жұмыс, икемділік.
Дизайн-ойлау	Мәселені шығармашылық тұрғыдан шешуге бағытталған модель: эмпатия → мәселені анықтау → идея генерациялау → прототип → тестілеу
Кейс-әдіс (Case-study)	нақты жағдаятты талдау арқылы шешім қабылдауды үйрететін әдіс
Кері байланыс (Feedback)	Оқу үдерісіндегі нәтижелерді жақсарту үшін берілетін нақты, бағалауыш емес ақпарат. «BAR» және «Сэндвич» әдістерімен беріледі
Коллаборация	Топ ішінде тиімді жұмыс, рөлдерді бөлісу, ортақ шешім қабылдау, жанжалсыз қарым-қатынас құру қабілеті
Коллаборация құралдары	Топтық жұмысқа арналған цифрлық платформалар: Google Workspace, Padlet, Miro, Teams, Zoom breakout rooms
Коммуникативтік құзыреттілік	Коммуникацияны мақсатқа сай жүргізу, диалог орнату, әртүрлі аудиториямен жұмыс істей алу қабілеті
Коммуникация	Ойды түсінікті жеткізу, тыңдау, пікірталас жүргізу, кері байланыс беру және алу қабілеті. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдылары
Креативтілік	Жаңа идеялар ұсыну, дәстүрлі емес шешімдер табу, шығармашылық ойлау қабілеті. Оқытуда – оқушының жаңа өнім құрастыруына бағытталған әрекет
Критериалды ойлау	Ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу, сұрақ қою, қорытынды шығару қабілеті. Манипулятивті немесе жалған ақпаратты ажырата алу дағдысы
Метакоммуникация	Коммуникация барысын талдауға бағытталған ойлау (қалай сөйлестік, қай жерде түсінбеушілік болды, қалай түзетуге болады)
Миға шабуыл	Қысқа уақытта барынша көп идея ұсынуды көздейтін топтық әдіс

Өзін-өзі басқару	Уақытты, эмоцияны, мақсаттарды басқару дағдысы; рефлексия жасау, жоспарлау
Рефлексия	Өз әрекетін, оқу нәтижесін, шешімдерін талдау және жетілдіру жолдарын анықтау үрдісі
Сыни сұрақтар	Ойлауды тереңдететін «неге?», «қалай?», «дәлелі қандай?», «басқа қандай шешім бар?» сияқты сұрақтар үлгісі
Топтық динамика	Команда мүшелері арасындағы байланыс, рөлдер, көңіл-күй, ынтымақтастық деңгейін сипаттайтын құбылыс
Фасилитация	Топтық жұмыс процесін басқару, әр қатысушының белсенділігін арттыру және ортақ шешімге келуді қолдау әдісі
XXI ғасыр дағдылары	Қазіргі әлемде табысты болу үшін қажет әмбебап дағдылар жиынтығы: креативтілік, коммуникация, критериалды ойлау, коллаборация, цифрлық сауаттылық, медиа сауаттылық, өзін-өзі басқару, икемділік
Цифрлық құзыреттілік	Цифрлық құралдарды тиімді, қауіпсіз, этикалық қолдана алу қабілеті.
Эмпатия	Басқаның сезімін түсіну және бағалап қабылдау қабілеті. Коммуникация мен командалық жұмыстың негізгі элементі

3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы жалпы орта білім беру ұйымдарында XXI ғасыр дағдыларын (креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация, коллаборация) дамытуға бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде білім алушыларды тек пәндік біліммен шектемей, олардың шығармашылық ойлауын, мәселені шешу қабілетін, тиімді

қарым-қатынас жасауын және топпен бірлесе жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру педагогтің кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, цифрлық трансформация, ақпарат ағынының артуы және еңбек нарығында әмбебап дағдыларға деген сұраныстың өсуі педагогтердің дәстүрлі оқыту тәсілдерін қайта қарауын талап етеді. Осы жағдайларда педагогтің кәсіби қызметі білім алушыларды өмірлік жағдаяттарға бейімдейтін, олардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық әлеуетін және әлеуметтік белсенділігін арттыратын заманауи педагогикалық тәсілдерге негізделуі тиіс.

Осыған байланысты педагогтен төмендегідей кәсіби міндеттерді тиімді жүзеге асыру талап етіледі:

- білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытатын оқу тапсырмаларын жобалау;
- проблемалық жағдаяттар арқылы критериалды ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- тиімді ауызша және жазбаша коммуникацияны дамытуға бағытталған әдістерді қолдану;
- топтық және жұптық жұмыстар арқылы коллаборацияны ұйымдастыру;
- цифрлық құралдар мен білім беру платформаларын ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту мақсатында пайдалану;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда қалыптастырушы бағалау мен кері байланысты тиімді қолдану.

Аталған курс педагогті:

- ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастырудың заманауи педагогикалық тәсілдерін меңгерген;
- білім алушылардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыра алатын;
- коммуникация мен бірлескен жұмысты дамытуға жағдай жасайтын;
- кәсіби рефлексия мен үздіксіз дамуға қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту үдерісінде:

- креативті және сыни ойлауды дамыту стратегияларын тиімді қолдану;

- тұлғаға бағдарланған және белсенді оқыту әдістерін енгізу;
- жобалық және зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастыру;
- цифрлық және интерактивті құралдарды пайдалану;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуын қамтамасыз ету қағидаларын іске асыруға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар

Бағдарлама мазмұны бұрынғы біліктілікті арттыру курстарында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген және қазіргі білім беру тәжірибесінде өзекті болып табылатын келесі бағыттарды біріктіреді:

- XXI ғасыр дағдыларының теориялық негіздері және педагогикалық мәні;
- креативтілікті және критериалды ойлауды дамыту әдістері;
- тиімді коммуникация және ынтымақтастыққа негізделген оқыту;
- жобалық және зерттеушілік оқытуды оқу үдерісіне интеграциялау;
- цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы.

Бағдарламаның жаңашылдығы

1. XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді тәсіл.

Бағдарламада креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияны өзара байланыста дамыту жолдары ұсынылады.

2. Жобалық, зерттеушілік және практикалық әрекетті интеграциялау.

Білім алушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған практикалық тапсырмалар мен кейстер қарастырылады.

3. Цифрлық ресурстар мен платформаларды пайдалану.

Оқу үдерісінде цифрлық құралдарды қауіпсіз әрі тиімді қолдану жолдары көрсетіледі.

4. Педагогтің кәсіби дамуы мен рефлексиясы.

Педагогтің кәсіби ойлауын дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге және оқыту тәжірибесін талдауға бағытталған тәсілдер ұсынылады.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

Қолданыстағы XXI ғасыр дағдыларына бағытталған курстардың басым бөлігі:

- дағдыларды теориялық деңгейде ғана қарастырады;

- практикалық тапсырмалар мен нақты кейстерді жеткіліксіз ұсынады;

- білім алушылардың белсенді әрекетіне шектеулі мүмкіндік береді;

- педагогтің кәсіби рефлексиясын жүйелі дамытуға жеткілікті назар аудармайды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары

- теория мен практиканың үйлесімділігі;

- нақты оқу жағдаяттарына негізделген практикалық тапсырмалар;

- педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталуы;

- заманауи педагогикалық трендтер мен халықаралық тәжірибелерге сүйенуі;

- білім алушылардың креативтілігі, сыни ойлауы, коммуникациясы мен коллаборациясын дамытуға бағытталуы.

Диагностикалық бағалау	Курс басталар алдында педагогикалық қызметкерлердің ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдерінің, практикалық әрекет ету қабілеттерінің, педагогикалық ойлау деңгейінің және кәсіби құзыреттерінің бастапқы жағдайын анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі. Диагностика нәтижелері оқытудың мазмұнын нақтылауға және педагогтердің жеке даму траекториясын айқындауға мүмкіндік береді
1-модуль. Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі	1.1-тақырып ХХІ ғасыр дағдыларының тұжырымдамалық негіздері, даму бағыттары және халықаралық білім беру тәжірибесі
	1.2-тақырып Оқушыға бағдарланған оқыту жағдайындағы педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және оқу үдерісін фасилитациялау
	1.3-тақырып Креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлау: мақсат қою және күтілетін нәтижелерді анықтау
	1.4-тақырып Білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған белсенді оқыту әдістері
	1.5-тақырып

	XXI ғасыр дағдыларын дамытуда цифрлық және интерактивті технологияларды тиімді қолдану
	1.6-тақырып Креативті және сыни ойлауды дамыту технологиялары: проблемалық тапсырмалар, кейстер және дизайн-ойлау элементтері
	1.7-тақырып Педагогикалық диагностика және оқу жетістіктерін мониторингтеу: XXI ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау әдістері
	1.8-тақырып Коммуникация мен коллаборацияны дамыту стратегиялары: топтық жұмыс, пікірталас және бірлескен оқу модельдері
	1.9-тақырып Білім алушылармен, ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен тиімді кәсіби коммуникация орнату
	1.10-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі талдау және кәсіби өсу құралдары
2-модуль. Вариативті XXI ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері	2.1-тақырып Креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияға бағытталған дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу
	2.2-тақырып Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы тиімді өзара әрекеттесу. XXI ғасыр дағдыларын дамытуда интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық мысалдары
3-модуль. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Педагогикалық серіктестік және кәсіби қоғамдастықтағы бірлескен жұмыс тәжірибесі: үздік тәжірибелерді тарату
Қорытынды бағалау	Курс соңында педагогикалық қызметкерлердің XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдерінің, практикалық дағдыларының, кәсіби ойлау қабілеттерінің және рефлексиялық құзыреттерінің қалыптасу деңгейі кешенді түрде бағаланады. Қорытынды бағалау педагогтің кәсіби даму динамикасын анықтауға және алдағы кәсіби жетілу бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның негізгі мақсаты – педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім алушыларда ХХІ ғасыр дағдыларын – креативтілік, критериалды ойлау, тиімді коммуникация және коллаборацияны жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерді меңгерту және оларды оқу үдерісіне тиімді енгізу.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

- ХХІ ғасыр дағдыларының педагогикалық және әлеуметтік маңызын ашу;
- креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған оқыту әдістерін меңгерту;
- білім алушылардың коммуникативтік және бірлескен жұмыс дағдыларын қалыптастыруға арналған тиімді стратегияларды ұсыну;
- белсенді, тұлғаға бағдарланған және нәтижеге бағытталған оқыту тәсілдерін оқу үдерісіне енгізу;
- жобалық және зерттеушілік оқытуды ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту құралы ретінде қолдану;
- цифрлық және интерактивті білім беру ресурстарын педагогикалық мақсатта тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- қалыптастырушы бағалау, кері байланыс және педагогикалық диагностика құралдарын қолдану арқылы оқу нәтижелерін бағалау;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны аяқтаған педагогикалық қызметкерлер:

- XXI ғасыр дағдыларының мазмұнын, құрылымын және білім беру үдерісіндегі рөлін анықтайды;
- креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар мен оқу жағдаяттарын құрастыра алады;
- тиімді коммуникация мен коллаборацияны қамтамасыз ететін оқыту формаларын қолданады;
- жобалық және зерттеушілік жұмыстарды оқу үдерісіне кіріктіре алады;
- цифрлық және интерактивті құралдарды оқу мақсаттарына сәйкес орынды сәйкестендіреді;
- білім алушылардың XXI ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалай алады және нәтижелі кері байланыс береді;
- кәсіби қызметінде рефлексия жасап, өз тәжірибесін жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдайды;
- заманауи білім беру талаптарына сәйкес кәсіби әрекет ете алатын, икемді және шығармашыл педагог ретінде қалыптасады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагогикалық қызметкерлердің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған теориялық, практикалық және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағдарланған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – білім беру үдерісінде креативтілік, критериалды ойлау, тиімді коммуникация және коллаборация дағдыларын жүйелі түрде дамытуға арналған заманауи педагогикалық тәсілдерді практикалық тұрғыда меңгерту.

Диагностикалық бағалау

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға қатысты теориялық білімдерінің, практикалық әдістерді қолдану тәжірибесінің, цифрлық сауаттылығының және кәсіби ойлау деңгейінің бастапқы көрсеткіштерін анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі. Диагностикалық бағалау нәтижелері әр модуль бойынша оқу мазмұнын нақтылауға және практикалық тапсырмаларды педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі

Модульде ХХІ ғасыр дағдыларының теориялық негіздері, тұлғаға бағдарланған және белсенді оқыту тәсілдері, білім алушылардың креативті, сыни және коммуникативтік ойлауын дамытуға арналған заманауи әдістер қарастырылады. Педагогтер:

- ХХІ ғасыр дағдыларына бағытталған сабақтарды жоспарлау және оқу мақсаттарын айқындау;
- креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу;

- коммуникация мен коллаборацияны қалыптастыруға бағытталған оқу әрекеттерін ұйымдастыру;
- оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалау және кері байланыс арқылы бағалау;
- цифрлық ресурстар мен интерактивті құралдарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуын қамтамасыз ету дағдыларын меңгереді.

2-модуль. ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері

Бұл модульде педагогтер ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуда жобалық, зерттеушілік және практикалық әдістерді интеграциялау жолдарын меңгереді.

Қатысушылар:

- креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияға бағытталған дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу;
- жобалық және зерттеушілік жұмыстар арқылы білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- цифрлық білім беру платформаларында өзара әрекеттесу және командалық жұмыс дағдыларын жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика талаптарын оқу үдерісінде қолдану.

3-модуль. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Бұл модуль педагогтердің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді практикалық тұрғыда қолдануына арналған. Қатысушылар өз кәсіби тәжірибесіне сәйкес оқу тапсырмаларын, педагогикалық кейстерді және шағын жобаларды әзірлейді, жүзеге асырады және талдайды. Модуль барысында:

білім алушылардың креативті, коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық әрекеттер қарастырылады;

сабақ сапасын арттыру және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру тәсілдері талданады;

тәжірибе алмасу арқылы педагогтің практикалық шешім қабылдау, цифрлық құралдарды қолдану және бірлескен жұмыс жүргізу дағдылары жетілдіріледі.

Қорытынды бағалау

Барлық модульдерді аяқтағаннан кейін қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс (мини-жоба, кейс-стади немесе

презентация) ұсынады. Қорытынды бағалау педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған теориялық білімін, практикалық дағдыларын және кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін айқындайды, сондай-ақ оқу үдерісінде заманауи педагогикалық және цифрлық құралдарды тиімді қолдану қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық бағалау	Курс басталар алдында педагогикалық қызметкерлердің ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдерінің, практикалық әрекет ету қабілеттерінің, педагогикалық ойлау деңгейінің және кәсіби құзыреттерінің бастапқы жағдайын анықтау мақсатында диагностикалық бағалау жүргізіледі. Диагностика нәтижелері оқытудың мазмұнын нақтылауға және педагогтердің жеке даму траекториясын айқындауға мүмкіндік береді
1-модуль. Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі	1.1-тақырып ХХІ ғасыр дағдыларының тұжырымдамалық негіздері, даму бағыттары және халықаралық білім беру тәжірибесі Қысқаша мазмұны: ХХІ ғасыр дағдылары ұғымы, олардың білім беру жүйесіндегі орны мен маңызы қарастырылады. Халықаралық зерттеулер мен тәжірибелер негізінде креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларын дамыту бағыттары талданады
	1.2-тақырып Оқушыға бағдарланған оқыту жағдайындағы педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және оқу үдерісін фасилитациялау Қысқаша мазмұны: Педагогтің дәстүрлі оқытушыдан оқу үдерісін ұйымдастырушы және фасилитатор ретіндегі рөлі айқындалады. Оқушының белсенділігін арттыруға бағытталған педагогикалық ұстанымдар мен тәсілдер қарастырылады
	1.3-тақырып Креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлау: мақсат қою және күтілетін нәтижелерді анықтау Қысқаша мазмұны: Сабақ мақсатын ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкестендіру, оқу нәтижелерін нақтылау және бағалау критерийлерін анықтау жолдары қарастырылады. Креативті және сыни ойлауды дамытуға бағытталған сабақ құрылымы талданады
	1.4-тақырып Білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған белсенді оқыту әдістері Қысқаша мазмұны: Белсенді оқыту әдістерінің (пікірталас, топтық жұмыс, рольдік ойындар) мазмұны мен оларды оқу үдерісінде қолдану жолдары

	ұсынылады. Өлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпалы талданады
	1.5-тақырып XXI ғасыр дағдыларын дамытуда цифрлық және интерактивті технологияларды тиімді қолдану Қысқаша мазмұны: Цифрлық платформалар мен интерактивті құралдардың оқу үдерісіндегі мүмкіндіктері қарастырылады. Оларды XXI ғасыр дағдыларын дамыту мақсатында тиімді және орынды қолдану жолдары көрсетіледі
	1.6-тақырып Креативті және сыни ойлауды дамыту технологиялары: проблемалық тапсырмалар, кейстер және дизайн-ойлау элементтері Қысқаша мазмұны: Проблемалық оқыту, кейс-стади және дизайн-ойлау тәсілдерінің мазмұны ашылады. Бұл технологиялардың білім алушылардың ойлау икемділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады
	1.7-тақырып Педагогикалық диагностика және оқу жетістіктерін мониторингтеу: XXI ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау әдістері Қысқаша мазмұны: XXI ғасыр дағдыларын бағалаудың заманауи тәсілдері, қалыптастырушы бағалау және мониторинг құралдары қарастырылады. Білім алушылардың даму динамикасын бақылау жолдары ұсынылады
	1.8-тақырып Коммуникация мен коллаборацияны дамыту стратегиялары: топтық жұмыс, пікірталас және бірлескен оқу модельдері Қысқаша мазмұны: Бірлескен оқыту модельдері мен тиімді коммуникация стратегиялары сипатталады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық дағдыларын дамыту жолдары талданады
	1.9-тақырып Білім алушылармен, ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен тиімді кәсіби коммуникация орнату Қысқаша мазмұны: Кәсіби қарым-қатынастың негізгі қағидалары, кері байланыс орнату және серіктестікке негізделген өзара әрекеттесу тәсілдері қарастырылады
	1.10-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі талдау және кәсіби өсу құралдары Қысқаша мазмұны:

	Педагогтің кәсіби қызметін талдау, өзін-өзі бағалау және үздіксіз кәсіби даму стратегиялары ұсынылады. Рефлексияның педагогикалық тәжірибені жетілдірудегі маңызы ашылады
2-модуль. Вариативті ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері	2.1-тақырып Креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияға бағытталған дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу Қысқаша мазмұны: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыру жолдары қарастырылады
	2.2-тақырып Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы тиімді өзара әрекеттесу. ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуда интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық мысалдары Қысқаша мазмұны: Ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика талаптары түсіндіріледі. Интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық үлгілері ұсынылады
3-модуль. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Педагогикалық серіктестік және кәсіби қоғамдастықтағы бірлескен жұмыс тәжірибесі: үздік тәжірибелерді тарату Қысқаша мазмұны: Кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және үздік педагогикалық практикаларды тарату жолдары қарастырылады
Қорытынды бағалау	Курс соңында педагогикалық қызметкерлердің ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған теориялық білімдерінің, практикалық дағдыларының, кәсіби ойлау қабілеттерінің және рефлексиялық құзыреттерінің қалыптасу деңгейі кешенді түрде бағаланады. Қорытынды бағалау педагогтің кәсіби даму динамикасын анықтауға және алдағы кәсіби жетілу бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық
курстың оқу-тақырыптық**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық дәріс	Демо-с абақты тан-ру / Жобаны қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	Диагностикалық бағалау				1	1
1	Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі	20	40	2		62
1.1	ХХІ ғасыр дағдыларының тұжырымдамалық негіздері, даму бағыттары және халықаралық білім беру тәжірибесі	2	2			4
1.2	Оқушыға бағдарланған оқыту жағдайындағы педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және оқу үдерісін фасилитациялау	2	4			6
1.3	Креативтілік пен критерияларды ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлау: мақсат қою және күтілетін нәтижелерді анықтау	2	4			6
1.4	Білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған белсенді оқыту әдістері	2	4			6
1.5	ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуда цифрлық және интерактивті технологияларды тиімді қолдану	2	4			6
1.6	Креативті және сыни ойлауды дамыту технологиялары: проблемалық тапсырмалар, кейстер және дизайн-ойлау элементтері	2	4			6
1.7	Педагогикалық диагностика және оқу жетістіктерін мониторингтеу: ХХІ ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау әдістері	2	4	2		8
1.8	Коммуникация мен коллаборацияны дамыту стратегиялары: топтық жұмыс, пікірталас және бірлескен оқу модельдері	2	6			8
1.9	Білім алушылармен, ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен тиімді кәсіби коммуникация орнату	2	4			6
1.10	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі талдау және кәсіби өсу құралдары	2	4			6

2	XXI ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері	4	4			8
2.1	Креативтілік, критериялы ойлау, коммуникация және коллаборацияға бағытталған дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу	2	2			4
2.2	Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы тиімді өзара әрекеттесу. XXI ғасыр дағдыларын дамытуда интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық мысалдары	2	2			4
3	Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу			8		8
3.1	Педагогикалық серіктестік және кәсіби қоғамдастықтағы бірлескен жұмыс тәжірибесі: үздік тәжірибелерді тарату			8		8
	Қорытынды бағалау				1	1
	Барлығы	24	44	10	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары 80 форматтарда бекітілген оқу жоспары (ОЖП) негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

- 1-модуль «Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі» – 62 сағат;
 - 2-модуль «ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері» – 8 сағат;
 - 3-модуль «Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу» – 8 сағат;
- Диагностикалық бағалау – 2 сағат.

Курс мазмұныбілім беру ұйымдарында инклюзивті тәжірибені сапалы енгізуге, балалардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру ортасын құруға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға бағытталған.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады. Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау (жаһандық мәселелерді шешу мысалдары).

Практикалық сабақтар: контент талдау; фактчекинг жаттығулары; мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер; деректерді визуализациялау; цифрлық құралдармен практикалық жұмыс.

Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар; цифрлық платформа материалдары; электронды ресурстар.

- Сарапшы пікірлері: шеберлік сыныптар; тренингтер; кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1.

«ХХІ ғасыр дағдылары тұжырымдамаларын талдау және халықаралық тәжірибені салыстыру». Тыңдаушылар UNESCO, OECD, World Economic Forum ұсынған ХХІ ғасыр дағдылары модельдерін талдайды. Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданылып жүрген тәсілдермен салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларына қойылатын негізгі талаптар жүйеленеді.

Практикалық жұмыс 2. «Оқушыға бағдарланған оқыту және ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған қолдау стратегияларын жобалау». Тыңдаушылар кейс-жағдаяттар негізінде білім алушылардың оқу қажеттіліктеріне сәйкес креативтілік, сыни ойлау және коммуникацияны

дамытуға арналған педагогикалық қолдау түрлерін жоспарлайды. Оқушы белсенділігін арттыруға бағытталған тәсілдер практикалық мысалдар арқылы талданады.

Практикалық жұмыс 3. «XXI ғасыр дағдыларына бағытталған сабақ жоспарының үлгісін әзірлеу». Тыңдаушылар нақты пән мен сынып негізінде сабақ жоспарын құрастырады: оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелер, тапсырмалар, бағалау критерийлері. Сабақта креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация элементтерін кіріктіру жолдары көрсетіледі.

Практикалық жұмыс 4. «Әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дағдыларды дамытуға арналған белсенді оқыту әдістерін қолдану». Тыңдаушылар пікірталас, топтық жұмыс, рольдік ойын, дебат және рефлексиялық жаттығуларды қолдана отырып, білім алушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдарын тәжірибе жүзінде пысықтайды. Топтық тренинг форматында талдау жүргізіледі.

Практикалық жұмыс 5. «Цифрлық және интерактивті технологияларды XXI ғасыр дағдыларын дамытуда қолдану». Тыңдаушылар нақты оқу тақырыбына сәйкес цифрлық құралдарды (онлайн платформалар, интерактивті тапсырмалар, бірлескен құжаттар) таңдап, оларды оқу үдерісіне енгізу үлгісін әзірлейді. Цифрлық ортада коллаборацияны ұйымдастыру тәсілдері талданады.

Практикалық жұмыс 6. «Креативті және критериалды ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар пакетін құрастыру». Bloom таксономиясы, SCAMPER, TRIZ элементтері негізінде проблемалық жағдаяттар, ашық сұрақтар, салыстыру тапсырмалары және шығармашылық жаттығулар әзірленеді. Тапсырмалардың оқушылардың ойлау дағдыларын дамытудағы ықпалы талданады.

Практикалық жұмыс 7. «XXI ғасыр дағдыларын бағалау және мониторинг жүргізу құралдарын әзірлеу». Тыңдаушылар бақылау парақтары, рубрикалар, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау құралдарын әзірлейді. XXI ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау және нәтижелерін интерпретациялау тәсілдері үйретіледі.

Практикалық жұмыс 8. «Коммуникация мен коллаборацияны дамытуға арналған бірлескен оқу моделін жобалау». Тыңдаушылар топтық және жұптық жұмысқа негізделген оқу моделін құрастырады. Бірлескен тапсырмалар, рөлдерді бөлу, кері байланыс беру механизмдері және командалық жұмыс тиімділігін арттыру тәсілдері қарастырылады.

Практикалық жұмыс 9. «Ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен XXI ғасыр дағдыларын дамыту бағытындағы серіктестік моделін әзірлеу». Тыңдаушылар ата-аналармен жұмыс жоспарын, ақпараттық кездесу немесе семинар сценарийін және кәсіби қауымдастықтағы өзара әрекеттесу алгоритмін әзірлейді. Коммуникациядағы қиын жағдайларды шешуге арналған рөлдік ойындар жүргізіледі.

Практикалық жұмыс 10. «Педагогтің кәсіби рефлексиясы және XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған жеке даму траекториясын жоспарлау».

Қатысушылар өзін-өзі бағалау парағын толтырып, кәсіби құзыреттерінің деңгейін талдайды. ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған жеке даму жоспары, кәсіби портфолио құрылымы және рефлексиялық есеп әзірленеді.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1 – Модуль.

«Педагогтің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы кәсіби құзыреттілігі»

Өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесі педагогтен білім алушыларды тек пәндік біліммен қамтамасыз етуді ғана емес, оларда креативтілік, критериалды ойлау, тиімді коммуникация және коллаборация сияқты ХХІ ғасыр дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруды талап етеді. Ақпарат көлемінің артуы, цифрлық технологиялардың кең таралуы және еңбек нарығындағы талаптардың өзгеруі педагогтің кәсіби қызметін жаңа мазмұнда ұйымдастыруды қажет етеді.

Осыған байланысты педагогтің кәсіби құзыреттілігі оқушыға бағдарланған оқыту, белсенді және интерактивті әдістерді қолдану, оқу үдерісін фасилитациялау, оқу нәтижелерін бағалау және кәсіби рефлексия жүргізу қабілеттерімен тығыз байланысты. Аталған модуль педагогтердің ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерді меңгеруіне және оларды күнделікті оқу тәжірибесіне енгізуіне жағдай жасайды.

Модульдің міндеттері

Модульді меңгеру барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- ХХІ ғасыр дағдыларының мазмұнын, құрылымын және білім беру үдерісіндегі рөлін ашу;
- педагогтің заманауи кәсіби рөлін және оқушыға бағдарланған оқыту қағидаларын түсіндіру;
- креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;
- белсенді оқыту әдістері арқылы білім алушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- цифрлық және интерактивті технологияларды оқу мақсаттарына сәйкес тиімді қолдану;
- ХХІ ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау және мониторинг жүргізу әдістерін меңгерту;
- педагогтің кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз дамуына бағытталған тәсілдерді қалыптастыру.

Модуль бойынша күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтаған педагогикалық қызметкерлер:

- ХХІ ғасыр дағдыларының теориялық негіздерін және халықаралық білім беру тәжірибелерін біледі;
- оқушыға бағдарланған және белсенді оқытуға негізделген оқу үдерісін ұйымдастыра алады;

- креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияны дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлайды;
- цифрлық және интерактивті құралдарды оқу үдерісінде мақсатты түрде қолданады;
- білім алушылардың ХХІ ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалайды және нәтижелі кері байланыс береді;
- кәсіби қызметіне рефлексия жасап, жеке кәсіби даму бағыттарын айқындай алады;
- заманауи білім беру талаптарына сай кәсіби әрекет ететін құзыретті педагог ретінде қалыптасады.

Модуль тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
1.1-тақырып ХХІ ғасыр дағдыларының тұжырымдамалық негіздері, даму бағыттары және халықаралық білім беру тәжірибесі	ХХІ ғасыр дағдылары ұғымы, олардың білім беру жүйесіндегі орны мен маңызы қарастырылады. Халықаралық зерттеулер мен тәжірибелер негізінде креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларын дамыту бағыттары талданады	Педагогтер ХХІ ғасыр дағдыларының мәнін, құрылымын және білім беру жүйесіндегі рөлін түсінеді; халықаралық тәжірибелерді талдай отырып, креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларын дамыту бағыттарын анықтай алады
1.2-тақырып Оқушыға бағдарланған оқыту жағдайындағы педагогтің заманауи рөлі, кәсіби ұстанымы және оқу үдерісін фасилитациялау	Педагогтің дәстүрлі оқытушыдан оқу үдерісін ұйымдастырушы және фасилитатор ретіндегі рөлі айқындалады. Оқушының белсенділігін арттыруға бағытталған педагогикалық ұстанымдар мен тәсілдер қарастырылады	Педагогтер оқушыға бағдарланған оқытудың қағидаларын меңгереді, оқу үдерісінде фасилитатор рөлін тиімді атқара алады және білім алушылардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастырады
1.3-тақырып Креативтілік пен критериалды ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарды жоспарлау: мақсат	Сабақ мақсатын ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкестендіру, оқу нәтижелерін нақтылау және бағалау критерийлерін анықтау жолдары қарастырылады. Креативті және сыни ойлауды дамытуға бағытталған сабақ құрылымы талданады	Педагогтер сабақ мақсаттарын ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкестендіре отырып қоя алады, күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін нақтылайды және ойлау

қою және күтілетін нәтижелерді анықтау		дағдыларын дамытуға бағытталған сабақ жоспарларын әзірлейді
1.4-тақырып Білім алушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған белсенді оқыту әдістері	Белсенді оқыту әдістерінің (пікірталас, топтық жұмыс, рольдік ойындар) мазмұны мен оларды оқу үдерісінде қолдану жолдары ұсынылады. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпалы талданады	Педагогтер белсенді оқыту әдістерін (топтық жұмыс, пікірталас, рольдік ойындар) оқу үдерісіне тиімді енгізіп, білім алушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды
1.5-тақырып XXI ғасыр дағдыларын дамытуда цифрлық және интерактивті технологияларды тиімді қолдану	Цифрлық платформалар мен интерактивті құралдардың оқу үдерісіндегі мүмкіндіктері қарастырылады. Оларды XXI ғасыр дағдыларын дамыту мақсатында тиімді және орынды қолдану жолдары көрсетіледі	Педагогтер цифрлық және интерактивті құралдарды оқу мақсаттарына сәйкес таңдайды және оларды креативтілік, коммуникация мен коллаборацияны дамытуда тиімді қолдана алады.
1.6-тақырып Креативті және сыни ойлауды дамыту технологиялары: проблемалық тапсырмалар, кейстер және дизайн-ойлау элементтері	Проблемалық оқыту, кейс-стади және дизайн-ойлау тәсілдерінің мазмұны ашылады. Бұл технологиялардың білім алушылардың ойлау икемділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады	Педагогтер проблемалық оқыту, кейс-стади және дизайн-ойлау элементтерін қолдана отырып, білім алушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар әзірлей алады
1.7-тақырып Педагогикалық диагностика және оқу жетістіктерін мониторингтеу: XXI ғасыр дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау әдістері	XXI ғасыр дағдыларын бағалаудың заманауи тәсілдері, қалыптастырушы бағалау және мониторинг құралдары қарастырылады. Білім алушылардың даму динамикасын бақылау жолдары ұсынылады	Педагогтер XXI ғасыр дағдыларын бағалаудың заманауи тәсілдерін меңгереді, қалыптастырушы бағалау мен мониторинг құралдарын қолданып, білім алушылардың даму динамикасын талдай алады
1.8-тақырып Коммуникация мен коллаборацияны дамыту стратегиялары: топтық жұмыс, пікірталас және	Бірлескен оқыту модельдері мен тиімді коммуникация стратегиялары сипатталады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық дағдыларын дамыту жолдары талданады	Педагогтер бірлескен оқыту модельдерін тиімді ұйымдастырып, топтық жұмыс пен пікірталас арқылы білім алушылардың коммуникация және

бірлескен оқу модельдері		ынтымақтастық дағдыларын дамыта алады
1.9-тақырып Білім алушылармен, ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен тиімді кәсіби коммуникация орнату	Кәсіби қарым-қатынастың негізгі қағидалары, кері байланыс орнату және серіктестікке негізделген өзара әрекеттесу тәсілдері қарастырылады	Педагогтер кәсіби қарым-қатынас қағидаларын меңгереді, ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен серіктестікке негізделген тиімді коммуникация орната алады
1.10-тақырып Педагогтің кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы: өзін-өзі талдау және кәсіби өсу құралдары	Педагогтің кәсіби қызметін талдау, өзін-өзі бағалау және үздіксіз кәсіби даму стратегиялары ұсынылады. Рефлексияның педагогикалық тәжірибені жетілдірудегі маңызы ашылады	Педагогтер кәсіби қызметіне рефлексия жасай алады, өзін-өзі бағалау құралдарын қолданады және ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлайды

2– Модуль Вариативті. «ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибелері»

Модульдің өзектілігі Қазіргі білім беру үдерісінде ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру педагогтің теориялық дайындығымен ғана емес, оларды практикалық жағдайда тиімді қолдану қабілетімен тығыз байланысты. Білім алушылардың креативті ойлауын, критериалды талдау дағдыларын, тиімді коммуникациясын және бірлескен әрекет ету қабілетін дамыту үшін педагог заманауи оқыту тәжірибелерін, жобалық және зерттеушілік жұмыстарды, цифрлық және интерактивті құралдарды жүйелі түрде қолдануы қажет.

Осы модуль педагогтерге ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған вариативті, икемді және тәжірибеге негізделген оқыту модельдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Модуль мазмұны педагогтердің кәсіби қызметінде нақты оқу жағдаяттарына бейімделген тапсырмаларды әзірлеуіне және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруына бағытталған.

Модульдің міндеттері

Модульді меңгеру барысында төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған тәжірибелік оқыту модельдерін таныстыру;
- дифференциалды және дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу

дағдыларын қалыптастыру;

- жобалық және зерттеушілік жұмыстарды оқу үдерісіне интеграциялау;

- цифрлық және интерактивті білім беру құралдарын тиімді пайдалану тәжірибесін жетілдіру;

- білім алушылардың коммуникация және коллаборация дағдыларын дамытуға арналған бірлескен оқу әрекеттерін ұйымдастыру;

- ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика қағидаларын оқу үдерісінде қолдану;

- педагогтің практикалық қызметінде кәсіби икемділігін арттыру.

Модуль бойынша күтілетін нәтижелер

Модульді аяқтаған педагогикалық қызметкерлер:

- XXI ғасыр дағдыларын дамытуға арналған тәжірибелік оқыту тәсілдерін меңгереді;

- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциалды және дербестендірілген тапсырмалар әзірлей алады;

- жобалық және зерттеушілік жұмыстарды оқу үдерісінде тиімді қолданады;

- цифрлық және интерактивті құралдарды креативтілік, коммуникация және коллаборацияны дамыту мақсатында пайдаланады;

- бірлескен оқу әрекеттерін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың командалық жұмыс дағдыларын талдайды;

- ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика талаптарын сақтай отырып оқу үдерісін жүргізеді;

- тәжірибеге бағытталған педагогикалық шешімдер қабылдай алатын кәсіби құзыретті педагог ретінде қалыптасады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
2.1-тақырып Креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияға бағытталған дифференциалды және	Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыру жолдары қарастырылады	Педагогтер білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, креативтілік, критериалды ойлау,

дербестендірілген тапсырмаларды әзірлеу		коммуникация және коллаборация дағдыларын дамытуға бағытталған дифференциалды және дербестендірілген оқу тапсырмаларын өз бетінше әзірлей алады
2.2-тақырып Ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық этика және білім беру платформаларындағы тиімді өзара әрекеттесу. ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуда интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық мысалдары	Ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика талаптары түсіндіріледі. Интерактивті цифрлық құралдарды қолданудың практикалық үлгілері ұсынылады	Педагогтер ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этика қағидаларын сақтай отырып, білім беру платформаларында тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастырады және интерактивті цифрлық құралдарды ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту мақсатында орынды қолдана алады

3-модуль «Микрооқыту. Практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу»

Модульдің өзектілігі: Қазіргі білім беру ортасында педагогтің теориялық білімін практикалық дағдылармен ұштастыру маңызды. Модуль педагогтерге ХХІ ғасыр дағдылары бойынша микрооқытуды ұйымдастыру, кәсіби тәжірибе алмасу және командалық жұмыс дағдыларын жетілдіру мүмкіндігін береді. Практикалық қызмет арқылы педагогтер нақты сабақ жағдаяттарында креативтілік, критериалды ойлау, коммуникация және коллаборацияны дамыту әдістерін қолдануды үйренеді.

Модуль сонымен қатар педагогикалық қауымдастық ішінде бірлескен тәжірибе алмасу және үздік практикаларды тарату дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Модульдің міндеттері

Модульді меңгеру барысында педагогтер:

- микрооқыту әдістерін қолдану арқылы ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту тәжірибесін меңгереді;
- оқу процесінде жобалық, зерттеушілік және практикалық тәсілдерді интеграциялайды;

- бірлескен оқу модельдерін ұйымдастыру арқылы топтық жұмысты тиімді жүргізеді;
- тәжірибе алмасу және кәсіби серіктестік арқылы педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді;
- сабақ жоспарлау, бағалау және кері байланыс беру процесінде кәсіби құзыреттілігін арттырады;
- кәсіби қоғамдастықта үздік тәжірибелерді тарату және серіктестік негізінде жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Күтілетін нәтижелері

Модульді аяқтаған педагогикалық қызметкерлер:

- микрооқыту және практикалық сабақ үлгілерін қолдана отырып, ХХІ ғасыр дағдыларын оқытуға бағытталған оқу әрекеттерін ұйымдастыра алады;
- білім алушылардың креативтілік, сыни ойлау, коммуникация және коллаборация дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды тиімді жүргізеді;
- бірлескен оқу, топтық талдау және кәсіби серіктестік тәжірибесін сабақта қолданады;
- тәжірибе алмасу арқылы педагогикалық шешім қабылдау және кәсіби дамуды жоспарлау қабілетін арттырады;
- педагогикалық қауымдастықта үздік тәжірибелерді бөлісіп, кәсіби желіні нығайта алады;
- өз кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде талдап, кәсіби өсу траекториясын жоспарлай алады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
3.1-тақырып Педагогикалық серіктестік және кәсіби қоғамдастықтағы бірлескен жұмыс тәжірибесі: үздік тәжірибелерді тарату	Кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және үздік педагогикалық практикаларды тарату жолдары қарастырылады	Педагогтер кәсіби қоғамдастықта бірлескен жұмыс жүргізу дағдыларын меңгереді, үздік педагогикалық тәжірибелерді бөлісіп, талдай алады; кәсіби серіктестік аясында микрооқыту мен

		командалық жобаларды ұйымдастыру қабілетін көрсетеді; тәжірибе алмасу арқылы өз кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдарын анықтай алады
--	--	--

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Суммативті бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы барысында меңгерген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін анықтау және олардың кәсіби даму деңгейін нақты бағалау. Бағалау келесі міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағалау тапсырмасы:

- Тапсырма: Таныстырылым
- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған
Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар

Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл: 15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл: Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл: Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл: Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Педагогтердің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Педагогтерге арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Педагогтердің бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Педагогтердің бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. OECD. Білім 2030: Болашаққа қажетті дағдылар. – Paris: OECD Publishing, 2021.
2. Microsoft Education. XXI ғасыр дағдыларын дамытуға арналған құралдар жинағы: педагогтерге цифрлық ресурстар. – Microsoft Press, 2022.
3. Partnership for 21st Century Learning (P21). XXI ғасыр дағдыларының құрылымы. – P21, 2022.
4. Trilling B., Fadel C. XXI ғасыр дағдылары: білім беру және цифрлық сауаттылық тәжірибесі. – Pearson, 2021.
5. Ким А., Сәрсенова Ж. XXI ғасыр дағдылары: педагогикалық практикалар мен стратегиялар. – Алматы: Білім әлемі, 2023.

Қосымша әдебиеттер (2020–2025):

1. Google for Education. Цифрлық құралдар арқылы XXI ғасыр дағдыларын дамыту. – 2021–2024.
2. OECD. Әлеуметтік прогресс үшін дағдылар: әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың күші. – OECD Publishing, 2022.
3. Edutopia (edutopia.org). Сыни ойлау, шығармашылық, коллаборация және коммуникация бойынша ресурстар. – 2022–2025.

